



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 1 маусым

«ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында ұлттық валюта – теңгенің 25 жылдығына арналған жаңа бөлім ашылды

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасында 2018 жылғы 1 маусымнан бастап «ұлттық валюта – теңгеге 25 жыл» деген жаңа бөлім іске қосылды. Жаңа бөлімде әрбір пайдаланушы ұлттық валюта – теңгеге қатысты, өзін қызықтыратын сұраққа шұғыл түрде жауап ала алады.

Қазақстан ұлттық валютасы – теңге – 1993 жылғы 15 қарашада айналысқа енгізілген болатын. Теңгенің атауы ежелгі түркілердің орта ғасырларда таралған ұсақ монеталарының тарихынан алынған. «Таньга» деген атаумен монеталар туралы алғашқы дерек 1361 жылғы тарихи ескерткіштерде пайда болған.

Ұлттық валютаға өту КСРО-ның күйреуіне байланысты бірқатар оқиғалармен қатар келіп, маңызды әрі қажетті қадам болды. Мемлекеттік деңгейде бұл міндет республиканың Жоғарғы кеңесінде және Үкіметінде талқыланды. Д.Х. Сембаевтың басшылығымен ұлттық валютаны енгізуге байланысты іс-шараларды жүзеге асыру жөніндегі жұмыс тобы, сондай-ақ құрамына Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлин, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов пен Хайролла Ғабжәлілов кірген теңге купюраларының дизайнын әзірлеу жөніндегі шығармашылық топ құрылды. Теңгенің алғашқы қатарының дизайнын құру үшін топ 1992 жылғы тамыздан бастап 1993 жылғы сәуірге дейін жұмыс істеді. Ұлттық валютаны – ТЕҢГЕ, ал оның жүз еселенген бөлігін – ТИЫН деп атау туралы шешім қабылданды. Тиын ұсақ ақша бірлігі – теңгенің 1/100 айналды (1 теңге = 100 тиын).

Эскиздердің көптеген сериялары мен нұсқаларының ішінен белгілі тарихи тұлғалардың портреттері таңдалды. Купюралардың бет жағында Қазақстанның ұлы адамдары: әл-Фарабидің, Сүйінбайдың, Құрманғазының, Ш. Уәлихановтың, Әбілқайыр ханның, Абылай ханның, Абайдың портреттері салынды. Сырт жағында мәдени ескерткіштер мен табиғат көріністері: Яссауи кесенесі, Маңғыстаудың жартасқа салынған суреттері, Бурабай көлі, Алатау көрінісі, бүркіт ұстаған салт атты салынды.

Ұлттық валютаға көшу жұмысына басшылық ету үшін ҚР Президентінің 1993 жылғы 3 қарашадағы Жарлығымен арнайы Мемлекеттік комиссия құрылды. Оның құрамына: Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С.А. Терещенко (төраға) және комиссия мүшелері: ҚР вице-президенті Е.М. Асанбаев; Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Д.Х. Сембаев; ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Ғ.Б. Байназаров; қаржы министрі Е.Ж. Дербісов және экономика министрі Б.І. Ізтілеуов кірді. «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» ҚР Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 12 қарашада шықты.

Тәуелсіз Қазақстанның қағаз түріндегі теңгесінің бірінші партиясы 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік номиналдардан тұрды. Серия қолмен бедерлеуді пайдалана отырып, Harrison & Sons ежелгі ағылшын компаниясы мамандарының көмегімен басылып шықты. Бұл тапсырыс компанияны әлемдік даңққа бөледі және ерекше награда – Ұлыбритания Патшайымының Алтын белгісіне ие болды. Теңге Британияның ең үздік экспорттық өнімі болып танылды.

Еліміздің ұлттық валютасы 1995 жылғы мамырға дейін шетелде басылып шығарылды. 1995 жылғы 18 мамырда Банкнот фабрикасы ашылғаннан кейін теңгенің барлық номиналдары Қазақстанда шығарыла бастады. Қазақстанның қазіргі банкноттарының 18 қорғаныш дәрежесі бар.

«ҚҰБ «Online» - заманауи мессенджер екендігін еске сала кетейік, осы арқылы пайдаланушылар Ұлттық Банкке өз сұрақтарымен және ұсыныстарымен тікелей өтініш білдіре алады. Ол 2016 жылғы қарашада іске қосылды. «ҚҰБ «Online» қызметі қаржы реттеушісінің халықпен Ұлттық Банктің қызметі мәселелері бойынша жедел өзара іс-қимылына және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

«ҚҰБ «Online» мобильдік қосымшасын AppStore және PlayMarket дүкендерінде мемлекеттік және орыс тілдерінде көшіріп алуға болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz